«6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Рүстемова Ақтолқын Молданқызының «Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігі: қазіргі үрдістері мен болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бағытына сәйкес келеді және жоғары білім беру саласындағы серіктестіктің қазіргі жағдайы мен басты мәселелерін зерттеу, жоғары білім беру жүйесі мен халықаралық ынтамақтастықты дамыту мәселелерін қамтиды. 2015 жылы 25 қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Тұрақты Даму Мақсаттарына сәйкес сапалы білім беруді қамтамасыз ету басты міндеттердің қатарына жатады. Осы ұйымға мүше мемлекет ретінде Қазақстан осы міндеттемені қабылдады, сол себепті сапаны арттыру мақсатында жоғары білім беру саласындағы дамыған мемлекетермен байланысына ерекше көңіл бөлуі қажет. Қазақстан үшін адами ресурстарды дамыту, жоғары білікті мамандарды дайындау экономикалық дамудың өзекті мәселесі болып саналады. Сондықтан, еліміздің дамыған мемлекеттермен жоғары білім беру саласындағы серіктестігін зерттеу аталмыш тақырыптың өзектілігін айқындайды.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған ғылым дамуының келесі басым бағытына сәйкес орындалған: 7) «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 8) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер»

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, оның маңыздылығы жақсы ашылған. Ғылыми зерттеу жұмысында Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру салсындағы байланыстарының қазіргі таңдағы жағдайы, негізгі проблемалары сараланып, болшағына болжам жасалған. Сондай-ақ, аталмыш елдердегі интернационалдану үдерісінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары сипатталып, Қазақстанның жоғары білім беру саласының интернационалдануында Жапонияның үлесі айқындалған. Оған қоса, студенттердің академиялық ұтқырлығы, оның басты мәселелері талданған. Докторлық диссертацияда жасалған талдаудың нәтижесінде, дамыған мемлекеттермен, оның ішінде Жапониямен жоғары білім беру саласындағы серіктестіктің, академиялық ұтқырлықтың жаңа бағыттары мен мүмкіндіктерін зерделеуге деген қызығушылық туады. Ғылыми зерттеу жұмыс нәтижелерін ғылымның түрлі салаларында кеңінен пайдалануға болады, атап айтқанда: жоғары білім беру саласындағы Қазақстанның өзге елдермен серіктестігі, интернационалдану мәселелеріне талдау жасағанда; жапонтану, оның ішінде Жапонияның жоғары білім беру жүйесі мен оның ерекшеліктері бойынша арнайы курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде; тарихы мен мәдениеті бөлек, тілі өзге дамушы мемлекет пен дамыған ел арасындағы академиялық ұтқырлық мәселесін қарастырғанда, т.б. Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелерін халықаралық қатынастар, шығыстану салаларының мамандарына, жоғары оқу орындарындарының әкімшілік бөлімдеріне, оқытушылары мен студенттеріне қажетті теориялық және практикалық көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Себебі, бұл тақырыптың қазақстандық шығыстану үшін жаңа екені анық, жапон және ағылшын тілдерінде көптеген жаңа дереккөздерді қолдану, сонымен қатар оларға талдау жүргізу және Жапонияның тәжірибесін Қазақстанда қолдану мүмкіндігін зерделеу ізденушінің өзі жазу деңгейінің жоғары екендігін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-саяси дамуының маңызды кезеңімен және жоғары білім беру жүйесін интернационалдауды ілгерілетудің тиімді үлгісі ретінде, осы салада көшбасшылардың бірі болып саналатын Жапонияны таңдаумен айқындалады. Қазақастанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануында

			экономикалық тұрғыдан дамыған Жапония мемлекетінің рөлі қандай, екі елдің жоғары білім беру жүйесіндегі серіктестігінің қазіргі таңдағы жағдайы мен дамуы қандай деңгейде, мұндағы басты тежеуіш факторлар мен мәселелер не және болашақта қалай өзгермек деген маңызды сауалдарға ғылыми негіздерге сүйене отырып жауап беру диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін аша түседі. Қазақстан – Еуразия континентінің орталығында орналасқан, көптеген ұлт өкілдері мен түрлі мәдениетер түйіскен мемелекет. Бүгінгі таңда еуразияшылдықтың идеясын ұстанатын, табиғи ресурстарға бай Қазақстан халықаралық ынтымақтастық үшін тартымды елдердің бірі болып табылуда. Алайда, Қазақстанның Қытаймен, Ресеймен, АҚШ сынды ірі мемлекеттермен түрлі саладағы серіктестігі жан-жақты қарастырылса, ал Жапония мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас мәселесі бүгінгі таңда зерттеушілер назарынынан әлі де болса жан-жақты зерттеулерді қажет етеді. 2020 жылы 9 наурызда жарияланған Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, адам құқықтары, гуманитарлық дипломатия және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басымдықтары ішінде білім беру, ғылым, мәдениет, спорт және жастар саясаты салаларында екіжақты және көпжақты деңгейдегі халықаралық ынтымақтастықты кеңейту аталып өтілген. Бұл орайда, тақырыптың өзектілігі біріншіден, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісіндегі Жапонияның алатын рөлін анықтау маңыздылығы; екіншіден, Жапониямен жоғары білім беру саласында серіктестікті орнатып, дамыту барысында туындаған проблемалар мен олардың себептеріне талдау жасау; үшіншіден, екіжақты серіктестіктің даму мүмкіндіктеріне болжам жасау тұрғысынан туындайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толығымен ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімінен, қосымшалар мен қысқартылған сөздерден және анықтамалар тізімінен тұрады. Барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық түрде байланысқан және тақырыптың мақсат-міндеттерін ашады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді. Нақтырақ айтқанда, зерттеудің мақсаты: тәуелсіздік алған кезден бастап, қазіргі кезеңге дейінгі Қазақстанның жоғары білім беру

		2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	саласындағы халықаралық серіктестігін саралап, Жапониямен осы саладағы байланыстарына ерекше назар аудара отырып, қазіргі жағдайы мен басты мәселелерін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер: 1. Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануы туралы отандық және шетелдік ғалымдардың теорияларын талдап, оның түрлері мен негізгі толқындарын саралау. 2. Жапонияны мысалға ала отырып, шет елдердің жоғары білім беру жүйесін интернационалдаудағы, осы саладағы халықаралық серіктестікті жүзеге асырудағы, мақсаттарын анықтау. 3. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін интернационалдау саясатын зерттеп, ұстанымдары мен басты ерекшеліктерін талдау. 4. Жапондық жоғары білім беру жүйесіндегі интернационалдау үдерісінің сипаты мен ерекшеліктерін анықтап, осыған дейін жүзеге асырған негізгі жобаларын қарастыру. 5. Екі мемлекеттің жоғары білім беру саласындағы серіктестігінің ерекшеліктерін, даму деңгейі мен басты мәселелерін талдау. 6. Аталмыш елдердің жоғары оқу орындары студенттерінің академиялық ұтқырлығы, басты мәселелері мен себептерін анықтау, даму мүмкіндіктерін болжам жасау.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен толық байланысқан. Диссертация алдына айқын мақсат қойған және ішкі құрылысы мазмұны жағынан бірыңғай, жүйелі ғылыми ізденіс болып есептелінеді. Әрбір бөлім мен тармақшалардағы ой қорытындылары бір-бірімен үндеседі. Жұмысты орындау барысында ізденуші тарапынан ресми құжаттары мен іргелі еңбектердегі ой-қорытындыларды сыни ой-елегі талдауынан өткізу арқылы өзара сабақтастықты бұзбай пайдалануға ұмтылыс жасалынған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Ізденуші Қазақстанның да, Жапонияның да тарихын, мәдениетін, саясатын, экономикалық дамуы мен екі елге тән ерекшеліктерін жақсы біледі, түсінеді. Сондықтан ізденуші жоғары білім беру жүйесін интернационалдаудағы жапон тәжірибесін қолдану мүмкіндігін сыни түрде талдап, Қазақстан үшін тек тиімді мысалдарын ғана қолдануды ұсынған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа деп бағалауға болады. Жоғары білім саласындағы Қазақстанның өзге елдермен, серіктестігі, студенттермен

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	алмасу бағдарламалары мәселелері толыққанды зерттелмеген. Отандық, жапондық және өзге де шетелдік ғалымдардың осыған дейін жүргізген зерттеу жұмыстарына қоса, бұл жұмыс сол кемшіліктің орнын толтыруға үлес қосуды көздейді. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың жаңалығын растайтын бірнеше негіздер бар: 1. Әлемде жоғарғы білім беру жүйесінде орныққан интернационалдану процесі және оның ерекшеліктерін айқындауы, ғылыми тұжырымдарға негізделген. Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану мәселелері зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми ой-пікірлердің ресми құжаттар негізінде саралауда, осы мәселені кеңінен зерттеп жүрген ғалымдардың зерттеулері негізінде пайымдалғандықтан бұл нәтиже ішінара жаңа болып табылады. 2. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерістерінің бастауына негіз болған мемлекеттік заңдар мен бағадарламаларға негізделе отырып, олар бойынша атқарылған жұмыстарды ғылыми жүйелеуі осы саладағы қиыншылықтарды шешуге септігін тигізетіндіктен бұл да жаңа болып саналады. 3. Жапондық ресми құжаттар мен жапондық зерттеушілердің зерттеулерін пайдалана отырып, Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануы ерекшеліктерін қазақстандық зерттеу жұмыстарында жүйелі талдап көрсету алғаш жүргізіліп отыруы себепті, ғылыми жаңалық болып табылады. 4. Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануын жүзеге асырып келе жатқан түрлі жобалардың мән-мазмұнын саралау, қазақстандық ғылым үшін жұмыстың толық жаңалығы бола алады. 5. Қазақстан мен Жапония арасындағы білім мен мәдениет саласындағы түрлі деңгейдегі байланыстардың қалыптасуы мен даму сатылары ғылыми тұрғыдан алғаш зерделенуі, жұмыстың толығымен жаңалығын көрсетеді. 6. Қазақстан-Жапония елдері арасындағы жоғары білім беру саласындағы серіктестік бойынша атқарылған істердің қорытындылары ғылыми айналымға алғаш енгізілуі, бұл жұмыстың толығымен жаңа екендігінің айғағы бола алады. 7. Қазақстан мен Жапония елдері арасындағы жоғары білім беру саласындағы серіктестікті дамытуға ықпал ететін факторлардың практикалық тұрғыдан алғаш анықталуы, толығымен ғылыми жаңалық бола алады.

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеу жұмысының тұжырымдары мен қорытындылары ресми құжаттарға негізделген, отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан арнайы жеке зерттелмеген, Қазақстанның жоғарғы білім беру саласының интернационалдануы жағдайында кешенді зерттеуді қажет ететін тың тақырып. Жалпы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үрдісі өзге зерттеушілер тарапынан зерттелгенімен, жапондық жоғары оқу орындарымен серіктестік орнатудағы мақсаттары осыған дейін отандық және шетелдік ізденушілер тарапынан қарастырылмаған. Жапонияның жоғары білім беру саласындағы өзге елдермен байланыстары зерттелгенімен, Орта Азия, оның ішінде Қазақстанмен серіктестігін осыған дейін бірде-бір зерттеуші тарапынан зерделенбеген. Бұл осындай тақырыпта жазылып отырған алғашқы зерттеу жұмысы. Сонымен қатар, жалпы жапондық және шетелдік ғалымдар тарапынан Жапонияның Оңтүстік-Шығыс Азия және басқа да мемлекеттермен жоғары білім беру саласында байланыстарын дамыту саясатының астары талқыланғанмен, Қазақстанға қатысты ерекшеліктері талқыланбаған. Жапондық мамандар мен студенттерді еліміздің оқу орындарына тарту әдістері осыған дейін көтерілмеген, тың тақырып. Проблеманың нақты шешу жолдарын ұсыну барысында, ізденуші жапондық мәдени және өзге де ерекшеліктерді ескере отырып ұсынған. Бұл әдістер өзге елдерден келетін шетелдік студенттердің санын көбейтуге үлгі болуы мүмкін. Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы байланыстар тек бір бағытта және санаулы университеттердің қатысуымен, ал қалған жағдайларда жеке оқытушы-профессорлардың ізденісінің арқасында жүргізіліп отырғаны алғаш рет дәлелденіп, ғылыми тұжырым ретінде ұсынылған. Қазақстан мен Жапония арасында академиялық ұтқырлық бойынша студенттер мен оқытушылардың алмасуы жалпы алғанда әлсіз жүргізілір отырғаны стаистикалық деректер мен сұхбаттар нәтижесінде дәлелденіп, оның жалпы білім беру жүйесі, университет және студенттер мен оқытушылар деңгейіндегі проблемалары алғаш рет талданып, топталған. Алғаш рет зерттеу объектісі болып отырған мәселенің шешу жолдары қазақстандық және жапондық мамандардан алынған сұхбат нәтижесінде

			және диссертация материалдарына сүйене отырып ұсынылған. Сонымен қатар, даму болашағына болжам жасалған. Бұл ізденушінің үлкен талдау жұмысын жүргізгенін білдіреді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторлық диссертация ғылыми тұрғыдан зерделенген және ғылыми зерттеу негізінде нақты ұсыныстар жасалғандықтан, жұмыс нәтижелерін мемлекеттік органдар (ҚР БҒМ), сондай-ақ Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары экономикалық және басқару мәселелерін шешуге қолдана алады. Мысалы, басқарушылық және әкімшілік мәселелерді шешу үшін осыған дейін жасалған ынтымақтастық туралы келісімдерді теориядан практикалық деңгейге көшіріп, оларды жүзеге асыру үшін нақты қадамдар жасау маңызды. Осы тұста диссертациялық зерттеу жұмысы қолданыс таба алатыны сөзсіз. Экономикалық мәселелерді шешудің және жапондық студенттердің Қазақстанға білім алу мақсатында келуін арттырудың мысалы ретінде, докторлық диссертацияда ұсынылғандай, жапондық студенттердің қызығушылығы пен сенімін тудыру маңызды. Ол үшін алдын ала оқылатын ел, университет, пәндер туралы қысқаша түсінік беру маңызды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Ізденушінің барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Нақтырақ айтқанда, нақты статистикалық деректер, қазақстандық жоғары оқу орындарының жылдық есептерінің деректері, Жапония статистикалық комитетінің ресми деректері, сондай-ақ жартылай құрылымдық сұхбат нәтижесінде алынған мәліметтер, т.б.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ	1 – қағидат. Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануы көбіне дәстүрлі интернационалдануға жатады. Осы тұста Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру жүйесін интернационалдау саясатында бірінші кезекте пайда көру емес, керісінше серіктестік байланыстарды ілгерілету, көбейту ниеті байқалады. Жалпы қазақстандық жоғары оқу орындары жапондық университеттермен серіктестік арқылы өздерінің халықаралық рейтингтерін арттыруды, бірлескен зерттеулер жүргізуді және студенттермен алмасуды ілгерілетуді көздейді. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең

		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.5 ия, Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. The Academic Mobility of Students from Kazakhstan to Japan: Problems and Prospect //Social Science. – 2020. – 9(143). – P. 1-20. (Q1) 2 – қағидат. Жапония Қазақстанды қосқанда өзге елдермен жоғары білім беру саласында серіктестікті арттыруда мемлекеттің білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісін ілгерілету, бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар, жас, білікті мамандарды тарту, адами ресурстармен қамтамасыз ету мақсаттарын көздейді. Бұл туу көрсеткішінің төмендеп, халықтың қартаюына байланысты туындап отырған адами капиталдың жетіспеуі мәселесімен байланысты. Сонымен қатар, жоғары білім беру саласындағы серіктестік гуманитарлық көмек көрсету, мемлекеттің белгілі бір аймақтағы немесе әлемдегі беделін арттыру мақсаттарында да жүзеге асырылады. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 ия, кең 7.5 Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. The Academic Mobility of Students from Kazakhstan to Japan: Problems and Prospect //Social Science. – 2020. – 9(143). – P. 1-20. (Q1) 3 – қағидат. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде ұстанатын саясат, мемлекеттің сыртқы саясатымен тікелей байланысты. Жапония Қазақстанның сыртқы саясатындағы стратегиялық серіктестердің қатарына жатпайды, бұл жоғары білім беру саласындағы байланыстың әлсіздігіне ықпал етеді. Ал, Қазақстанның жоғары білім беру саласында интернационалданудың негізгі легі Ресей, Қытай, Болон үдерісіне қатысушы елдермен жүзеге асырылуда. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия, Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. The Academic Mobility of Students from Kazakhstan to Japan: Problems and Prospect //Social Science. – 2020. – 9(143). – P. 1-20. (Q1) 4 – қағидат. Білім саласындағы ынтымақтастық достық қарым-қатынастарды орнатуда және дамытуда маңызды рөл атқаратындығына

			қарамастан, екі ел арасындағы дүниетанымды қалыптастыруда Қазақстан мен Жапония арасындағы жоғары білім саласындағы серіктестікке қажетті деңгейде көңіл бөлінбей отыр. Сол себепті, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануында Жапонияның алатын үлесі өте аз. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 орташа 7.5 ия, Rustemova A. The international educational cooperation of Kazakhstan after independence: Focusing on Japanese higher education policy //The 25th JAISE (Japan Association for International Student Education) Annual Conference materials (Tokyo, September 9, 2020). – Japan, 2020. – P. 3-4. (жапон тілінде) 5 – қағидат. Екі ел арасындағы жоғары білім беру саласындағы серіктестік санаулы университеттердің бастамасы мен жекелеген адамдардың ынтасы негізінде жүзеге асып отыр. Жалпы, жапон университеттерімен серіктес болатын қазақстандық университеттердің саны аз және алмасу мамандықтары да шектеулі. Жапонияда білім алатын қазақстандық студенттер де азғантай ғана. Мұның себебі Жапонияны оқу елі ретінде таңдауға тежеуші себептердің болуымен түсіндіріледі, атап айтқанда: қаржылық шығындар, тұру және жол шығындары, елдер арасындағы географиялық қашықтық, тілдік фактор, т.б. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 орташа 7.5 Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. The Academic Mobility of Students from Kazakhstan to Japan: Problems and Prospect //Social Science. – 2020. – 9(143). – P. 1-20. (Q1) 6 – қағидат. Үкімет деңгейінде жоғары білім саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту үшін кешенді бағдарламалар қабылданып, жоғары білім беру саласындағы серіктестікті дамытуға негіз болатын нормативтік құжаттарға қол қойылуы қажет. Сонымен қатар, екі ел жайлы және осы елдердегі білім беру мүмкіндіктері туралы ақпараттандыруды қолға алу маңызды. 7.1 дәлелденді

			7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия, Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. The Academic Mobility of Students from Kazakhstan to Japan: Problems and Prospect //Social Science. – 2020. – 9(143). – P. 1-20. (Q1) 7 – қағидат. Екі ел арасындағы жоғары білім беру саласындағы байланыс біржақты, нақты айтқанда қазақстандық студенттердің Жапонияға баруымен, ал Қазақстанға келуші жапондық студенттер мен мамандар санының аздығымен сипатталатындықтан, жапондық студенттерді тарту мақсатында онлайн, қысқа және ұзақ мерзімді түрлі курстар дайындалуы маңызды. Курстарды дайындау барысында тілдік ерекшеліктерге, ұйымдастыру мәселелеріне жіті назар аудару қажет. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 орташа 7.5 жоқ
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Ғылыми-зерттеу жұмысты жазу барысында жинақтау, ғылыми сипаттау, жүйелі-кешенді, ғылыми жүйелеу, тарихи-салыстырмалы әдістері пайаланылған. Оған қоса, сапалы деректерді жинау үшін екі елдің жоғары оқу орындары мамандарымен және елшілік қызметкерімен жартылай құрылымды сұхбаттар жүргізілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Сапалы деректерді өңдеу және итерпретациялауда транскрибация, үш деңгейлі кодтау, статистикалық мәліметтерді беру мақсатында түрлі схемалар, кесетелер, графикалық суреттер пайдаланылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Иә. Теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, сарапшылардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.

		1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Қолданылған әдебиеттердің тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәлімдемелерін растайтын көптеген сенімді дереккөздер мен тиісті ғылыми әдебиеттер келтірілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, онда көптеген дереккөздер келтірілген, оның ішінде: Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі мен оның интернационалдануына қатысты жалпы мемлекеттік маңызы бар құжаттар, ҚР Заңдары, мемлекеттік бағдарламалар мен ҚР Үкіметінің Қаулылары, Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануына қатысты мемлекеттік маңызды құжаттар, бағдарламалар, заңдар, Орталық Азия мен Жапония, Қазақстан мен Жапония арасындағы қол қойылған екіжақты құжаттар, министрлер мен саясаткерлердің баяндамалары, халықаралық ұйымдардың баяндамалары, халықаралық, жапондық және қазақстандық ұйымдардың статистикалық мәліметтері, қазақстандық жоғары оқу орындарының және «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасының статистикалық мәліметтері, мамандармен жүргізілген сұхбат нәтижелері бар.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Докторлық диссертацияның теориялық маңызы бар. Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану тарихы, ондағы жобалар мен мәселелер, екі мемлекеттің жоғары білім бберу саласындағы байланыстары, оның басты мәселелрі мен шешу жолдары жайлы ақпарат пен талдау, тұжырымдар шығыстанушы, жапонтанушы ғалымдар мен жоғары білім беру мамандары үшін маңызы зор болмақ. Аталмыш ғылыми зерттеу жұмысы мысалында Қазақстан мен өзге мемлекеттердің жоғары білім беру саласындағы байланыстарын, басты мәселелері мен мүмкін шешімдерін саралауға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Іс жүзінде мемлекеттік мекемелер (ҚР БҒМ), жоғары оқу орындары, сондай-ақ профессорлық-оқытушылық құрам практикада қолдана алады. Сонымен қатар, докторлық диссертацияда серіктестіктің басты мәселелері мен оны шешудің механизмдері ұсынылғандықтан, Жапонияның жоғары оқу орындарымен серіктестікті бастап, жүзеге асырғысы келетін кез-келген қазақстандық жоғары оқу орны пайдалана алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі ол

		табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	тақырыптың өзектілігінде, қағидалары мен тұжырымдарында, қорытындысында көрініс тапқан.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Докторлық диссертация жұмысы ғылыми тілде, сауатты жазылған, техникалық тұрғыдан дұрыс рәсімделген және мемлекеттік стандарттарға сәйкес.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:
Р.Б. Сүлейменов ат. Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, с.ғ.к. **Н.Ж. Шаймарданова**

КАДРЛАР БӨЛІМІ
ОТДЕЛ КАДРОВ

Шаймарданова Н.Ж.
(тегі, аты, әкесінің аты / Ф.И.О.)
қолтаңбасын растаймын / подпись заверяю
«15» 10 2021 ж./г.